# Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 215 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 мамырда № 4602 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес Шардара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Шардара ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 11 мамырдағы № 136 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4113 нөмірімен тіркелген, 2017 жылы 9 маусымдағы "Шартарап-Шарайна" газетінде және 2017 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Сапаровқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Б. Кистауов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

____________________Н.М.Байғұт

"27" сәуір 2018 жыл

Шардара ауданы
әкімдігінің 2018 жылғы
27 сәуірдегі
№ 215 қаулысына
қосымша

**Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 17.02.2022 № 62 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № р/с | Автомобиль жолдарының индексі | Автомобиль жолдарының атауы | Автомобиль жолдарының мекен-жайы, шақырым | Жалпы ұзындығы, шақырым |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | KXSH-1 | "КХ-72 Абай-Шардара" - Водозабор | 0-1,7 | 1,7 |
| 2 | KXSH-2 | "КХ-72 Абай-Шардара" - Дача "Достык" | 0-1,8 | 1,8 |
| 3 | KXSH-3 | "КХ-72 Абай-Шардара" - Бағыскөл | 0-0,6 | 0,6 |
| 4 | KXSH-4 | "КХ-8 Шардара-Арыс-Темірлан" - Ақберды | 0-3,5 | 3,5 |
| 5 | KXSH-5 | "КХ-8 Шардара-Арыс-Темірлан" - Бозай ( Есалы құдық) | 0-1,5 | 1,5 |
| 6 | KXSH-6 | "КХ-8 Шардара-Арыс-Темірлан" – Нефтебаза | 0-0,4 | 0,4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | KXSH-7 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Қоссейіт | 0-3,0 | 3,0 |
| 8 | KXSH-8 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Баспанды-Жоласар | 0-15 | 15 |
| 9 | KXSH-9 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Айдаркөл қашар | 0-3,8 | 3,8 |
| 10 | KXSH-10 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Қазақстан | 0-0,3 | 0,3 |
| 11 | KXSH-11 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Целинное | 0-0,3 | 0,3 |
| 12 | KXSH-12 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Қызылқұм | 0-1,1 | 1,1 |
| 13 | KXSH-13 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан"- Ақалтын-Егізқұм | 0-11,8 | 11,8 |
| 14 | KXSH-14 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан" - Достық | 0-0,23 | 0,23 |
| 15 | KXSH-15 | " К Х - 7 2 Шардара-Абай" | 0-2,0 | 2,0 |
| 16 | KXSH-16 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан" – Алтын жағажай | 0-2,0 | 2,0 |
| 17 | KXSH-17 | " К Х - 8 Шардара-Арыс-Темірлан" – Көксу | 0-1,2 | 1,2 |
| Шардара ауданының аудандық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша барлығы | | | | 50,23 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК